

заңға жүгініп әділет сұрап, өтініш-арыздар жазды. Отыншының ақ сөзін арсыздықпен теріс жорыған Патша әкімдері оның өзіне пәле жапты. Оның әділеттілік сұрап, заңға жүгінуін қазақ халқын Патша үкіметіне қарсы үгіттеп, қазақ жеріне орыс келімсектерін қоныстандыру саясатына қарсылық көрсету деп білді [10].

Яғни, Жергілікті шенеуніктерден жапа шеккен қазақтардың мұң-мұқтажын жоқтап, оларға нақты көмек берген О.Әлжановтың әрекетінен қауіптенген Патша әкімшілігі орыс келімсектері мен татар саудагерінің атынан жалалы арыз ұйымдастырады. Асыл азамат 1909 жылы Дала генерал- губернаторының жарлығымен тұтқындалып, 6 қыркүйекте Жетісу облысының Лепсі уезіне жер аударылады.

Қорыта келгенде, өшіккен қызылдар Отыншыны тірідей қолға түсіре алмасын біліп, оны ағаштан өрілген «Құдай үйімен» бірге өртеп жіберуге шешім қабылдайды. Олар таңға жақын шіркеу маңындағы шөп- шаламға от қойып, ол от желмен қарағай шіркеуге тиеді. Осылайша екі боздақ лаулаған отқа оранып, шейіт болады. Ел ішіне Отыншының қазасы төбеден жай түскендей әсер етеді. Өкінішке орай, қысылтаяң кезде туған халқына қорған бола білген, жанын қиған Отыншы Әлжанов тоталитарлық Кеңес үкіметі тарапынан ұзақ жылдар бойы датталып, қараланып келді. Сондықтан да туған халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қанды майдан соғыста құрбан болған, елінің оқу-ағарту ісіне айтарлықтай із қалдырған, туған халқының әдебиеті, мәдениетіне елеулі үлес қосқан Отыншы Әлжанов есімін ел есіне, ұрпақтар жадында қалдыру бүгінгілердің атқарар борышты істері болса керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мұсағалиева А. Қазақстандағы «қызыл террор»: деректер мен хабарламалар // Қазақ тарихы, 2012, № 3. –25б.
2. Нүсіпов Р. Туған жердегі ақ пен қызыл күрес Отыншы Әлжанов //Қазақ тарихы, 2010, № 2. – 60б.
3. Нүсіпов Р. Алаш қозғалысы жетекшілерінің белгісіз саяхаты //Қазақ тарихы, 2009, № 2. –38б.
4. Нүсіпов Р.Отыншы ерекше тұлға ретінде //Қазақ тарихы,2009, № 5. –79б.
5. Нүсіпов Р. Алаш полкінің тағдыры // Қазақ тарихы, 2010, № 6. –12б.
6. «Қазақ» газеті. /Бас редактор Ә.Нысанбаев.–Алматы:«Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
7. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. /Бас редактор А.Нысанбаев, Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1998. – 48б.
8. Қызыл террор / Қ.Касенов, А.Төреханов, Алматы: Қазақстан, 1994. –80б.
9. Журтбай Турсын. Боль моя, гордость моя – Алаш!: –Астана: 2016.-1104стр.
10. М.Қойгелдиев. «Алаш қозғалысы» – Алматы. 2008. – 480 б.

ӘОЖ 811.512.122 (075)

<https://doi.org/10.53355/g6497-7981-6883-q>

«СҰРАНШЫ БАТЫР» ДАСТАНЫ: ОНОМАСТИКАЛЫҚ РЕАЛИЙ СӨЗДЕР, ТҮРЛЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Сарбасова Қ. Б., ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: bazarbekovna54@mail.ru

Мақалада жыр алыбы Жамбылдың «Сұраншы батыр»дастанында қолданылған ономастикалық реалий сөздер мен түрлері анықталып, стильдік қызметіне талдаулар жасалады. Ономастикалық реалий сөздердің этимологиясы мен географиялық сипаты көрсетіледі.

Тірек сөздер: Ономастикалық реалий сөздер, стильдік қызмет, географиялық сипат.

В статье определены виды и проанализированы стилевые функции ономастических слов-реалиев, использованных в поэме знаменитого поэта-эпика Жамбыла «Сураншы батыр». Автор раскрывает этимологию и географические черты ономастических реалий.

Ключевые слова: ономастические слова-реалии, стилевая функция, географическая черта.

The article defines the types and analyzes the style functions of onomastic words-realia used in the poem of the famous epic Zhambyl "Suranshy Batyr". The author reveals the etymology and geographical features of onomastic realities.

Key words: onomastic words-realities, style function, geographical feature.

Жыр сүлейі Сүйінбай мен жыр алыбы Жамбыл жырлаған Сұраншы кім? Ғалым М.Жолдасбеков: «Сұраншы (1817-1864) ержүрек, қайтпайтын қайсар, зор денелі, даусы жуан, сөзге шешен, ұзын бойлы, сол жақ бетінде шешектен қалған дағы бар, қара шұбар кісі екен. Орыс армиясымен келісіп, Сұраншы мен Сарыбай би бес мың қол жинап, Ұзынағаш түбінде Қанатшаның самсаған қалың қолын талқандап, өз жерін Қоқан қыспағынан азат етеді. Бұл соғыста Сүйінбай Сұраншының сарбаздарына жалынды жырымен дем берген, жауынгер үгітшісі, ұраншысы болған... Сұраншы Қоқан хандығынан Әулиеатаны азат етіп, ұлы жүз батырларының Қоқанға қарсы соғысында Сайрамда 1864 жылдың июлінде ерлікпен қаза тапқан» деген мәлімет береді [1,149 б]. Сүйінбай ақын- Сұраншы батырды көзімен көріп, ерлігіне куә болған жырау. Ал Жамбыл Сұраншы батыр қазасына Жетісу жұрты күніреніп көңіл айтқанда, жырмен жоқтау айтып, батырдың ерлігін алғаш дәріптеген боз бала еді. Кейіннен қарт Сүйінбай мен жас Жамбыл ел мен жер қорғаны, қалың қол басшысы болған Сұраншы батыр ерлігін паш ететін жырлар шығарған.

Жамбыл Сұраншы батырды жас кезінен бастап, жырға қосып, оған жырдан ескерткіш орнатқанын

«Ескіден есте қалғаннан,

Жасымда айтқан жырлардан

Ескерткіш еді батырға,» - деген жолдардан байқауға болады.

«Сұраншы батыр» дастанында этностық дәстүрдің белгілерімен қатар, кейіпкерлердің психологиялық жай-күйін көрсетуде, эпостық шығармаларда табиғат көріністерін сипаттауда өзгешелік байқалады.

Жамбылдың «Сұраншы батыр» дастанында бейнелеу құралдары молынан кездеседі, ол өз алдына бір зерделеу тақырыбы болса керек-ті. Біз осы жер-су атаулары – ономастикалық бірліктерді және оның ішінде ономастикалық реалий сөздер жайлы сөз қозғамақпыз. Қазіргі таңда реалий сөздер екі бағытта қарастырылып жүр: аудармашылық бағытта және елтанушылық бағытта.

Аудармашылық бағытта «Реалийлер – басқа халыққа жат, бір халыққа ғана, оның өміріне (тұрмысы, мәдениеті, әлеуметтік және тарихи дамуына) ғана тән сөздер (немесе сөз тіркестері); ұлттық және тарихи колориттің иеленушісі болғандықтан, олардың басқа тілдерде дәл атаулары (эквиваленттері) кездеспейді, олай болса, жалпы негізде аударылмайтындығы, ерекше тәсіл талап ететіні түсінікті» деген пікірлерін, біздің ойымызша, басшылыққа алуға болады [2,6 б]. Аударма тіліндегі реалиялар – нақты бір мәдениеттің типтік құбылыс, жағдаяттарын білдіретін сөздер. Бұл сөздердің басқа тілде баламасы болмағандықтан, оны жеткізу, сөз бен сөз тіркестерін табу – аудармашының күзіреттілігіне қалатын жауапты мәселе болмақ. Сонымен, реалиялар шеттілдік мәтінді түсінуге қажетті фондық білімнің компоненті болып табылады.

Елтанушылық бағытта «Бұл ел өмірінің қоғамдық және мәдени оқиғалары, қоғамдық ұйымдары мен мекемелері, салт-дәстүрлері, тұрмыстық заттары, тарихи тұлғаларының есімдері, сондай-ақ, жүйелеуге көнбейтін көптеген жекеленген фактілер» [3,98 б].

«Реалий - белгілі бір ұлттың рухани және материалды мәдениетіне, тарихына, дәстүріне, өміріне қатысты түсініктер» [4,48 б]. Тіл-тілде екінші тіл өкіліне түсініксіз, оның тілінде жоқ әрі аударуға келмейтін сөздер бар. Олар - ана тілі болып саналатын тіл иесіне ғана түсінікті тілдік бірліктер және бұл сөздер тобы ұлттың рухани және материалдық мәдениетін бойында сақтаған сөздер болып табылады. Ғылымдағы атаулары әртүрлі болғанымен, терминдердің (баламасыз лексика, экзотикалық лексика, лакун, варвариздер, этномәдени лексика, алиенизмдер, аударылмайтын «аудармалар», локализм, фондық лексика, культурема) мән-мағынасы бір арнаға саяды. Зерттеушілер, негізінен, реалий сөз - «баламасыз лексика» терминін қолданады. Біз «реалий сөз» терминін қолдануды жөн санаймыз. Реалий терминінің латын тіліндегі мәні – «заттық», «шынайы». Реалий сөздер дегеніміз – ана тілінің ұлттық нақыш, ұлттық колоритті көрсететін, басқа халыққа түсініксіз, тарихи, рухани, материалдық, әлеуметтік негізде пайда болған сөздер деген ой түйіндейміз.

Зерттеушілер реалийлердің мағынасы мен ерекшеліктеріне қарай төрт топқа бөледі:

I. Заттық ерекшелігіне;

II. Орнының ерекшелігіне (ұлттық және тілдік сипатына қарай);

III. Уақыт ерекшеліктері бойынша (синхрондық және диахрондық аспектіде);

IV. Аудармалық тұрғыда. - [1,50 б.] Мақаланың зерттеу нысанына баланысты реалий сөздердің заттық ерекшеліктеріне қарай топтастырылған түріне тоқталып, тарқаталық. Реалий сөздер заттық ерекшеліктеріне қарай өз ішінен төмендегіше жіктеледі: **географиялық реалийлер** (топонимдер); **этнографиялық реалийлер** (тұрмыс-салт, дәстүр, наным – сенім, әдет – ғұрып, еңбек кәсібіне байланысты атаулар); **қоғамдық-саяси реалийлер** (лауазым, дәреже, партия, саяси қоғамдық қозғалыс, әскери атаулар, әкімшілік-аумақтық атаулар). Географиялық реалийлерді біз ономастикалық реалийлер деп атап, оған топонимдерден басқа антропонимдерді де қосып қарастырған жөн деп есептейміз. Себебі жер-су атаулары мен адам есімдері ұлттық меншік, өзгеріске түсе бермейтін, аударуға келмейтін, мағынасы қосымша түсініктеме арқылы берілетін, өздеріне тән жасалу жолдары мен шығу тарихы бар лексикалық бірліктер. Ономастикалық реалийлер өз мәртебесін жоғалтпай, бір уақытта қазақ тілінің бірнеше лексикалық категорияларына кіре алады. Реалий сөздерді басқа лексикалық бірліктердің басқа кластарынан ажыратудың негізгі өлшемі оның ұлттық және уақытша бояуы болып табылады. Олар морфологияда - жалқы есімдер, ономастикада - топонимдер. Ал географияда географиялық атаулар аталады. Реалий сөздердің ұлттық және тарихи бояуы көркем шығармада анық байқалады.

Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр» дастаны **ономастикалық реалийлерге бай**. Дастанда барлығы 47 жер-су атауы қолданылған. Олардың қолданылу жиілігі әртүрлі, мәселен, Алатау -12; Қордай-4; Көктөбе-3; Сарыкемер-2; Күрті-2 қалған атаулар бір-бірден қолданылған. Жалпы шығармаға статистикалық тұрғыдан талдау жасаудың маңызы зор. Жиі қолданылған сөздерді анықтап, бұл сөздердің Жамбыл дастанында жиі қолданылуының себептерін, атқаратын қызметін анықтауға мүмкіндік туады. Ономастикалық бірліктердің дені - реалий сөздер. Себебі көрсетілген ономастикалық атаулар екінші тілге аударылмайды, қазақ тілінің сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған, қазақ халқына тән құндылықты көрсетеді. Дастанда тарихи оқиға жырланатындықтан, кейіпкерлер де, жер-су атаулары да тарихи болып келеді. Ономастикалық атаулар мақсатты түрде, тоталитарлық, отаршылдық бағытта өзгертілмесе, өзгеріске түспейтін лексикалық бірлік болып есептеледі. Оған төмендегі шумақтағы ономастикалық реалий сөздер дәлел. Олардың ешқайсысы аударылмайды. Ономастикалық реалийлердің біразы дастанның мына шумақтарында көрініс тапқан:

«Алатаудың аты көп,
Созыла жатқан қарлы жал,
Теріскейі Ұлы жүз,
Күнгеіінде қырғыз бар.
Толып жатқан шоқысы,
Шоқысының аты бар:
Қозбас, Қордай жаясы,
Сонан өрлеп тартылар,-
Суыктөбе, Дегерез,
Ұзынағаш, Көктөбе,
Қарғалының биігі,
Шұбар аттың өрі бар,
Қасқаасау мен Үшқоңыр,
Қызыл күндей елі бар.
Қарағайлы, Құттыбас,
Талғардай биік шоқы бар.
Есік,Түрген,Ақшелек,
Қарқара бар,Асы бар.
Шыңдардың шыңы Хантәңір
Таудың биік басы бар.
Жетісудың желіні

Деген тауы осылар», -деп, Алатаудың құрамдас бөліктері туралы керемет ақпарат беріледі. Ары қарай ұшары мұз, етегі көкорай шалғын Алатау талай оқиғаның куәгері ретінде таныстырылады. «Алатау» атауы бірде нақты тау атауы, бірде бүкіл бір аймақ атауы, бірде бағытты білдіру үшін қолданылғанын байқауға болады. Соңғы сөзіміздің дәлелі:

«Елі үшін туған ер болса,
Елін бүгін қорғасын
Осыны айтып Сұраншы
Ағын судай тасынып,
Ашулы көзі жалтылдап,
Жайнаған шоқтай шашылып.
Күн де кірді ұяға

Алатаудан асылып». Бұл- Сұраншы батырдың кезекті жорыққа шығар алдындағы сөзі. Дастанда баяндалатын оқиға Алатау өңірінде өтеді. Күн Алатаудан асып көтерілуі де, батуы да заңды.Күн Алатаудан асып батса, көрініс орнын шамалауға болады, яғни батырдың Алатаудың батысында орналасқан Қызылқия деген ауылында айтылған сөз болуы мүмкін...

Дастанда ең жиі қолданылған ономастикалық атау - Алатау, тау атауы. Ономастикалық реалий сөздің шығармадағы қызыметтері- біріншіден, мәтінтүзушілік: дастанда оннан аса қолданылуы.

Екіншіден, атауыштық: атауыштық қызметі нақты бір тау атын білдіруі және атау бірде тау, бірде өлке атауы түрінде беріліп отырады.

Үшіншіден, ақпараттық:

«Жолдасына қосылып
Сұраншы қайтты тауына.
Ақырғы болды соғысы
Хан, манаптай жауына.
Қырымнан шалған қырандай
Келген батыр бабына,
Ақыры келіп о да өлді,

Алатауда көмілді». Орман ханнан намысына тиердей хат алған Сұраншы бейбіт жатқан елінің қамы үшін, Орман ханға жалғыз аттанып, жекпе-жекке шыққан еді.

Арамза хан жеңіле бастаған шақта, нөкерлер ханды құтқармақ болып, Сұраншы батырды қоршап атой салады, батыр әбден титықтап шаршайды, аты Ақтұяқ та болдырады. Осы сәтте артынан көмекке қырық жігіт нөкері келіп жетеді... Осы соғыста алған жарақаттан Орман хан өз ордасында өледі, Сұраншы батыр Алатауында жерленеді. Сұраншы батырдың Алатау бөктерінде, өзі қызғыштай қорыған жеріне жерленгенінен ақпарат алдық.

Төртіншіден, адресітік:

«Қара құрым көп Дулат

Алатау мен Арыстың

Арасында қонысы», - жолдарында шапқыншылыққа ұшыраған Дулат елінің атақонысы жайлы, адресітік мәлімет берілген.

Ендігі кезекте жоғарыда берілген бірнеше ономастикалық реалий сөздердің этимологиясына назар аударалық. Олар да Алатау реалий сөзі сияқты дастанда бірнеше қызмет атқарады.

«Алатау (Алатау) - тау. Басы Хантәңірі тауынан басталып, аяғы Шымкентке дейін созылып жатқан асқар биік, заңғар тау. Түркілер ежелгі заманнан-ақ биік шыңды, басында мәңгілік мұздар мен аппақ қар жататын тауларды Алатау деп атағаны - Кузбас Алатауы, Жоңғар Алатауы, Іле Алатауы, Қырғыз Алатауы, Тяньшань Алатауы атауларынан белгілі. Осы атаулардағы ала сөзінің төркін, қазіргі қазақ тіліндегі «ақ пен көктің аралас келген түсіне (орысша пестрый) қатысты емес, ұлу немесе одан да көнелеу оло тұлғасында айтатындай» (Қойшыбаев, 1985, 42). Бұған қарағанда, Алатау – «ұлы, аса зор, биік тау деген мағынаға ие екені байқалады» [5,55 б].

«...дегер, дэгүүр, дигири сөздерінің түбірі дег (дэг) деп білеміз. Оған Текес, Қастек атауларындағы тек сөзі сәйкес келеді. Ал парсы тіліндегі тиг, тег – «тау шыңы», «таудың ұшар басы», тәжік тіліндегі тег, тега – «тау жалы», «тау басы» сөздері де мағыналық әрі тұлғалық жағынан тым жақын. Атаудың екінші сыңарынлағы ес сөзі- түрік, монғол тілдерінде ертеде «су», «өзен» деген сөздер орнына қолданылған көне сөз. Бұл айтылған дәлелдер Дегерес өзенінің географиялық көрінісін дәл көрсетеді. Ал тау аты Дегерес осы өзен атынан аталған» [5,79 б].

«Қордай – асу. Іле Алатауының батыс сілемі. Жетіжал таулары мен Кіндіктас таулары аралығында, Қордай ауданы аумағында орналасқан. Абс. биіктігі 1233 м. Түркі тілдеріндегі екі құрамдастан құратын атау; «тау» мағынасындағы дай (дей, дой, тау, тей, тоу, ту, т.б.) формасынан тұтасқан атау. «Құрдың тау» мағынасын береді (Е.Қойшыбаев). Ал А.Әбдірахмановтың пікірінше, атаудың этимологиясын былай сипаттауға болады: қар//қор//хөр (түркі-монғол сөзі (снег)) + тай, дай (ту. сын есім жас. көне жұрнақ) > қордай. Көне мағынасы: «қарлы» (асу)» [6,360 б].

Хантәңірі (Хан-Тенгри) ай- Тянь-Шанның орталық бөлігіндегі оқтай шаншылған, биіктігі 6995 м биік шың. Бұл ұлы тау Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы шекарасында [5,190 б].

Ғалымдар атаудың бірінші сыңарындағы «Хан» сөзінің байырғы заманда «тау» мағынасында айтылғанын ал, екінші құрамындағы сөз көне түркі тілінде тангр// тәңрі – «көк, аспан», «құдай» мағыналарын білдіргендігін айтады. Сонда Хантәңірі көне түркілерше - «Аспантау». Аспанмен таласқан, аспан тәңірісі деген мағынаны білдірсе керек-ті.

«Сұраншы батыр» дастанында кездесетін топонимдерді ономастикалық реалий сөздер ретінде қарастырылуының бірнеше себептері бар:

- өзгеұлт өкілдеріне таныс емес, мағынасы баламалы түсніктер арқылы қабылданады;
- ұлттық нақышты білдіретін сөздер;
- халықтың мәдени-әлеуметтік өмірі, тарихынан мәлімет беретін және тілдік құбылыс ретінде тіл ерекшеліктерін танытатын сөздер;
- баламасыз лексика тобына жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жолдасбеков М. Асыл арналар. I том. Зерттеулер. Мақалалар. – Астана: Күлтегін, 2012.
2. Влахов С, Флорин С. Непереводимость в переводе. - М: Международные отношения, 2012.
3. Вайсбурд М.Л. Реалии как элемент страноведения //Русский язык за рубежом №3, 1972.
4. Бреус Е.В. Основы теории и практики перевода с русского языка на английский. -М.: Наука, 1993.
5. Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. - Алматы: Арыс, 2005.

УДК 821.512.122.0

<https://doi.org/10.53355/q6780-0264-4961-k>

МЫСАЛ ЖАНРЫНДАҒЫ ДИДАКТИКА МЕН ЭСТЕТИКАНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОРНЫ

Сарсенова Ж., 1 курс магистрі

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Мысал жанрындағы туындылар көне дәуір кезеңіндегі пайда болған шығармаларда ара тұра мифографиялық және мистикалық сюжеттер орын алатындығын аңғаруға болады. Олар мысал болса, мысал - әріден келе жатқан, эпостың шағын да өткір жанры туралы ой өрбітіледі.

Тірек сөздер: *Мысал, Рабғұзи, Сайф, Федр, Ксанф*

Жанр басни были придуманы давние времена, в которых присутствуют эпос и оно наиболее острый жанр по сравнению с другими произведениями. В аллегорических произведениях присутствуют иногда мифические и мистические сюжеты которые ярко влияют на нравственное воспитание подрастающего поколение.

Ключевые слова: *Басня, Рабгузи, Сайф, Федр, Ксанф*

Fables were invented long ago, in which there are epic and it is the most acute genre compared to other works. In allegorical works there are sometimes mythical and mystical stories that vividly affect the moral education of the younger generation.

Keywords: *Fable, Rabguzi, Sayf, Phaedrus, Xanthus*

Мысал жанрындағы дидактика мен эстетиканың әдебиеттегі орнын айтқанда тарихта екі Эзоп болғандығын айтқан жөн. Біріншісі – біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда өмір сүрген ежелгі грек сықақшысы, мысал жанрының негізін салушы. Аңыз бойынша ол жас кезінде өзінің усойқы тілінен тартыпты, оның әжуасына ызаланған біреулер оны жартастан лақтырып жібереді де, аяғы сынып, өмір бойы ақсақ болып қалыпты деген дерек те бар. Бұл Эзоп өзі бас терісі келіспеген, кейіп-кеспірден жұрдай, басында билігі жоқ құл болған. Сөйте тұра ол өз заманының қияли данышпаны ретінде халықтың құрметіне бөленеді. Эзоптың атақты мысалдары ежелгі Римнің мысалшысы Федр (б.д.дейінгі I ғасыр) мен көне гректің мысалшысы Бабрийден (б.д. I-II ғасыр) бастап, бергі Лафонтен мен Крыловқа, Абай мен Байтұрсыновқа дейінгі талай мықтылардың өңдеуінен өтіп, бүгінгі күнге жетті.

Ал римдік трагик-эртис болған екінші Эзоп Клодий (б.д.дейінгі I ғасыр) туралы мәлімет мардымсыз” [1, 11 б.] -дейді де, Эзоптың айтып кеткен мысалдары мен даналық сөздерін, афоризмдерін, қысқа әңгімелерін келтірген. Зерттеушілердің шамалауынша, Эзоптың мысалдар саны – 650 болса, ал қазақ тіліне аударылғандардың саны – 73 екен. Сол шығармаларда қазақтың әфсаналары мен афоризмдік қысқа қайырымды, дидактика